

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 1

29.08.2024 жылы № 264 мектеп-лицей жанындағы қосымша білім беру орталығында меңгеруші жанындағы кеңес болып өтті.

Қатысуға тиіс: Әдіскер, үйірме жетекшілері

Күн тәртібінде

1. Үйірмелердің 2024 - 2025 оқу жылына арналған күнтізбелік оқу жоспарларын талқылау, бекіту;
2. Үйірме сыныптарының жаңа оқу жылына дайындығы;
3. Үйірмелердің сабақ кестесін құру, бекіту;
4. Ағымдағы мәселелер.

Тындалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша үйірме жетекшілерінің 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарлары талқыланып, бекітілді.

Екінші мәселе бойынша үйірме сыныптарының жаңа оқу жылына дайын болуы қадағаланып, тексерілу нәтижесі қорытындыланды.

Үшінші мәселе бойынша сабақ кестелері қаралып, бекітілді.

Ағымдағы мәселелерде 2024-2025 оқу жылындағы нормативтік құжаттар, ұйымдастыру жұмыстары бойынша әр үйірме топтарына үйірме мүшелерін жинақтау, өтініштерін қабылдау, техника, жол қауіпсіздік ережелерін таныстыру ескертіліп, үйірме жетекшілері үйірме сабақтарына қажетті әдістемелік материалдар мен көрнекі құралдар дайындау, жыл бойына жоспар бойынша ата-аналар жиналысын өткізу, ашық есік күндерін өткізу, іс-шараларға ата-аналарды көптеп тарту жұмыстары талқыланды.

Қаулы:

1. Үйірме сыныптарының сабаққа дайындығын, үйірме сабақтарының ұйымдастырылуын қадағалау қосымша білім беру орталығының әдіскері Н.Еримбетоваға жүктелсін.
2. Үйірме мүшелерін жинақтау, өтініштерін қабылдау қосымша білім беру орталығының әдіскері Н.Еримбетоваға және үйірме жетекшілеріне тапсырылсын.
3. Ішкі жұмыс жоспарларын қадағалап отыру орталық меңгерушісіне жүктелсін.

Жиналыс хатшысы:  **Н.Еримбетова**